

**Ата-анасынан кәмiлеттiк жасқа толғанға дейiн айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бiлiм беру ұйымдарының түлектерi болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшiн жұмыс орындарына квота белгiлеу туралы**

### *Күшiн жойған*

Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкiмдiгiнiң 2017 жылғы 06 ақпандағы № 30 қаулысы. Алматы облысы Әдiлет департаментiнде 2017 жылы 23 ақпанда № 4106 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкiмдiгiнiң 2024 жылғы 11 қыркүйектегi № 332 қаулысымен

**Ескерту. Күшi жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкiмдiгiнiң 11.09.2024 № 332 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуiрдегi Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмiлеттiк жасқа толғанға дейiн айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бiлiм беру ұйымдарының түлектерi болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметiнiң есебiнде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшiн жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекiту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтiк даму министрiнiң бұйрығына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 13898 тiркелген) сәйкес, Ұйғыр ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДi:**

1. Ата-анасынан кәмiлеттiк жасқа толғанға дейiн айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бiлiм беру ұйымдарының түлектерi болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшiн ұйымдық-құқықтық нысанына және меншiк нысанына қарамастан ұйымдар үшiн ұйымның жұмыскерлерiнiң тiзiмдiк санының екi пайызы мөлшерiнде жұмыс орындарына квота белгiленсiн.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмiнiң орынбасары Деменбаев Даулетжан Модиновичке жүктелсiн.

3. Осы қаулы әдiлет органдарында мемлекеттiк тiркелген күннен бастап күшiне енедi және алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК